Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	***Картотека №10*** ***«Жол әліппесі»*** ***Мақсаты:*** *балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру*	***Картотека №11*** ***«Әдептілік» Мақсаты:*** *Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.*	***Картотека №7*** ***«Мамандықтың бәрі жақсы»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу*	***Картотека №14*** ***«Кімге не керек»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету*	***Картотека № 18*** ***«Өз мекеніне орналастыр»*** ***Мақсаты:*** *Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету.*
	ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН				
Таңертеңгі гимнастика	***Ақпан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*** ***Салауатты өмір салтын сақтаймыз,*** ***Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз***				
Таңғы ас	***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,*** *Мөлдір суға қолыңды жу.* *Жуынсаңсаң сен әрдайым,* *Таза бетің, маңдайың.* *«Ас дәмді болсын!»* *Ас құрамымен таныстыру*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..*** ***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.***				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы: Көлік түрлері.*** ***Мақсаты:*** *Балалар көлік түрлерімен танысады, көлік туралы өз ойларын айтады.* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***Шаттық шеңбері.*** *Сәлем саған алтын күн,* *Сәлем саған көк аспан.* *Сәлем саған жер ана,* *Сәлем саған достарым.* ***ІІ.Қызығушылықты ояту.*** ***Көліктер туралы жұмбақтар жасыру.*** *Құс сияқты құс емес,* *Жүрсе де тым биікте.* *Қақпайды бір қанатын* *Жүрсе де тым биікте* ***(ұшақ)*** *-Арқасында ауыл жүр,* *ала тайым шауып жүр.* ***(автобус)*** *-Тізбектелген көк үйлер,* *көшіп жүрген көп үйлер.* ***(поезд)*** *Әр жұмбаққа түсінік беру.* ***2.Ой дамыту*** *-Көлік дегеніміз не?* *-Қандай түрлері бар екен?* *-Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі, темір жол көлігі* *-Ол адам үшін неге қажет?* *-Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?* *-Автобуспен қайда баруға болады?* *Ол қандай көлік түріне*	***1.Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы:*** *И и дыбысы және әрпі* ***Мақсаты:*** *И дыбысы мен әрпімен танысады. И дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***1. Психологиялық ахуал*** *Күндей жадырап* *Айдай арайлап* *Жұлдыздай жарқырап* *Судай таза көңілмен* *Бүгінгі күнімізді* *бастаймыз.* ***Тосын сәт*** *Дымбілмес кіріп келеді.* *- Балалар, кім екінін білесіңдер ме?* *- Бұл Дымбілмес!* *- Қане, балалар, Дымбілмеске сұрақ қойып көрейік.* ***ІІ.Ой дамыту.*** *Дыбыс пен әріптің айырмашылығын айтып берші?(Дұрыс айтпайды).* *- Қане, кім айтады? (Балалар жауабы)* ***Өткен әріптерді көрсету: А, Т, Ш, М, Р, С, Д, Ж, Н, , т. б*** *Дымбілмес әріптерді шатастырады.* *- Балалар, Дымбілмес дұрыс айтты ма? Балалар дұрыс жауабын береді.* *- Дымбілмес үйрену үшін балалармен отырады.* ***ІІІ. Жаңа сабаққа дайындық*** *П/Ж ойын:«Кім жылдам?»*	***1.Орыс тілі*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***2.Математика негіздері*** ***Тақырыбы :*** *Өткенді қайталау* ***Мақсаты:*** *балалар білім, білік дағдыларын қорытындылайды, меңгерген білімдерінің деңгейін бақылайды.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***Психологиялық ахуал*** *«Көңілді доп» допты беру арқылы жылы, жағымды сөздер айту.* ***Қызығушылықты ояту.*** ***Математикалық жарыс*** ***№1 тапсырма.*** *Топтар бойынша хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды.* ***№2 тапсырма.*** *-Тақтадағы фишкаларға қараңдар.* *-Олардың ұқсастығы қандай?* *-айырмашылығы қандай?* *-Соңғы фишканы толықтыр.* ***№3 тапсырма.*** ***Құрлымдалған ойын «Тізбекті жалға»*** *-Неше фигура? Бұлар қандай фигуралар? Оларды атаңдар. Фигуралардың қандай ретпен орналасқанын қараңдар. Орналасу заңдылығын бұзбай, бос торкөзге жетпей тұрған фигураны қойыңдар.*	***1. Сауат ашу негіздері*** ***Тақырыбы: З з дыбысы мен әрпі*** ***Мақсаты:*** *З дыбысы және оның таңбасымен танысады. Ұсынылған сөзге дыбыстық талдау жасайды.* ***ҰОҚ жүргізілу барысы*** ***І.Шаттық шеңбер*** *Мына аспан астында* *Жақсы дос көп табылар* *Мен де соның бірімін,* *Сыйлығымды қабыл ал!* ***ІІ. Тосын сәт.*** *Қарандаршы бізге Айдос деген бала келіпті, сенderден көмек сұрайды. Маған айтқан әңгімесін сендерге айытып берейін. Айдос жетіге келгенше Сәрсенбі атасының арқасынан түспей, атасы қайда барсада бірге барыпты, ауыл шалдарының арасында өскен. Айдос биыл мектепке барған.* *Бір күні сабаққа кеткен Айдос үйіне жүгіріп келеді.* *- Ата! Біздің мұғалім сабаққа жеті жал шақырытатын болды. Ішінде сізде барсыз- депті Айдос.* *Бірінші күні - Дүйсенбі болады,* *екінші күні - Сейсенбі,* *үшінші күні - сіз, Сәрсенбі* *Сосын кезекпен Бейсенбі,* *Жұма, Сенбі, Жексенбі* *аталар келеді.* *Атасы қарқылдап күліпті.* *- О, аңқау балам-ай, жөндеп түсінбегенсін ғой, - депті.*	***1.Жаратылыстану.*** ***Тақырыбы: Көліктермен таныстыру.*** ***Мақсаты:*** *Балалар көліктердің қасиетімен танысады, өз ойларын айтады.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***І.Шаттық шеңбері.*** *Біз ақылдымыз,* *Қиындықтан қорықпаймыз.* *Біз жаспыз,қандай әдеміміз,* *Табиғатты қорғаймыз.* ***ІІ.Ой қозғау.*** *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *Қыс мезгілінде неше ай бар?* *Қыс айларын атайықшы?* *Қыс мезгілінде күн қандай болады?* *Жарайсыңдар балалар, күн суық, ал сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?* *Көлік дегеніміз не?* *Көліктің қандай түрлері бар?* *Көліктерге не жатады?* *Көліктердің қандай пайдасы бар?* ***ІІІ. Миға шабуыл*** *1. Құс сияқты құс емес,* *Жүрседе тым биікте.* *Қақпайды бір қанатын,* *Жүрседе тым биікте . **(Ұшақ)*** *2. Қос күрекпен еседі,* *Су көлігі деседі. **(Қайық)*** *3.Жүргізуші жүргізеді,* *Төрт аяқты батырды .* ***(Жеңіл көлік)*** *Балаларды мадақтау.* ***1. Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс.*** ***«Көңілді көліктер»*** *Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:*

	жатады? *-Пойыздармен қайда баруға болады?* ***3.Ой қозғау.*** ***Құрлымдалған ойын: «Әр көлікті өз тұрағына орналастыр*** *Машина-гараж, Кеме – айлақ, Поезд – депо, Ұшақ –аэрадромда тұрады»* ***П/Ж ойын: «Поезд»*** ***Қортынды*** *Сұрақ-жауап* *Балаларды мадақтау.* ***Қортынды*** *«Жолың болсын!» - дейді* *-Атам шықса сапарға* *«Жолың болсын!» - дейді* *апам.* *Апам шықса сапарға* *«Жолың болсын!» - дейді* *атам.* *«Жолың болсын!» - дейді олар* *Үлкенге де кішіге.* *«Жолың болсын!» - дейді олар* *Ұшырасқан кісіге.* *Осы сөзде байқадым* *Қуат барын, күш барын* *«Жолың болсын!» - айтамын,* *Алыс жолға шықса кім* ***2.Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша*** *.* ***3.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4.Құрастыру*** ***Тақырыбы: «Трамвай»*** ***Мақсаты****: Құрылыс*	*жұмбақтардың шешуін табу.* ***1.*** *Тұмсығына жібін байлап* *Сүңгіп, батып, бір мықты,* *Бүтіндейді жыртықты* ***(ине)*** ***2.****Алты аяқты, төрт қанатты,* *Елестетер тікұшақты* ***(инелік)*** ***3.*** *Адамға серік,* *Күзетке берік****. (ит)*** ***IV. Ой қозғау.*** ***Жаңа тақырып*** *Тақтада суреттер: ит, ине, инелік, итмұрын, ителгі, итбалық.* *И дыбысы сөздің басында, ортасында кездеседі.* *И дыбысы бар сөздерді табу, буынға бөлу.* *- Балалар, осы әріпке ұқсас қандай әріппен таныстық?* *- Й әрпі.* *И және Й айырмашылық-тарын түсіндіру.* ***Сергіту сәті*** *Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір,* *Сағаттың тіліндей иіліп солға бір.* *Оң аяқ, сол аяқ,* *Жаттығу оңай – ақ.* ***V. Ой қозғау.*** ***Таяқшамен жұмыс*** *И әрпін құрастыру* *И әрпін ауада жазу.* ***VI. Инелік, шие сөзіне сөйлемдер құрастыру****.* *Әжеде ине бар.* *Инемен киім тікті.* ***VII. Қорытындылау.*** *- Қандай дыбыспен*	*-Мына фигуралар неге ұқсас?* ***№4 тапсырма.*** *-Есептер құрастырып, шығару.* *Үлестірмелі материалдармен жұмыс* ***№5 тапсырма.*** *-Ұзындығы бойынша салыстырыңдар.* *Заттарды салыстыру* ***№6тапсырма.*** *Түсі, пішіні, өлшемі бойынша қораптарға салу, яғни қорапқа түймелерді сызық жүргізу арқылы салу керек* ***Қортынды*** *Сұрақ-жауап* *Балаларды мадақтау.* ***3.Сурет салу*** ***Тақырыбы: Зымыран*** ***Мақсаты:*** *Балалардың ғарыш туралы түсініктері кеңейеді. Зымыран және оның құрылысы туралы айтады.* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***І. Шаттық шеңбері.*** ***"Бала,бала,баламыз"*** ***Е.Өтетілеуұлы.*** *Бала,бала,баламыз,* *Бақшамызға барамыз.* *Күні бойы қызыққа* *Батамызда қаламыз!* ***ІІ.Қызығушылықтырын ояту.*** *Жұмбақ жасыру* *Көкке зулап ұшатын,*	*Ол атасының неге күлгенін түсінбеді. Бізден көмек сұрап отыр.* *-Айдосқа көмектесеміз бе?* *- Онда біз бүгін апта күндеріне саяхат жасайық. Аптаның әр күнін дұрыс ұғыну үшін бізге тапсырмаларды орындау керек. - Орындаймыз ба?* *3****. Ой қозғау*** ***3.1.Дүсейсенбі күні - өткенді қайталау.*** *- өткен ұоқ біз қандай әріппен таныстық?- Ол қандай дыбыс?* *Дауыстап айтайық. И-И-И* *Ит, тиін, инелік.* *Сөйлем құрау.* ***3.2. Сейсенбі күні*** ***- Жаңа тақырып. З з*** ***- З З әрпінің баспа, жазбаша түрлерімен таныстыру*** ***- З З - хормен айту*** ***- З З - бар сөздерді атау-суреттер көрсету*** *- Сөздің сыры көп жұмбақ.* *Көзде бар,Түнде жоқ.* *Қазда бар, Қапта жоқ.* *- Ол қандай дыбыс және әріп? (З)* *- З әрпінің жазу үлгінін ауада, тақтада жазын көрсету.* *- З жазылуы, қай санға ұқсас?(салыстыру)* *- З әрпін ауада жазғызу* *Көрнекілікпен жұмыс: Сөйлейтін әліппемен жұмыс, суреттер көрсету (Зырылдауық, қозы, қаз, қобыз) дыбыстық талдау*	*Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран* *Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық* *Темір жол көліктері – Поезд* *Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.* ***Балаларды түстер арқылы топқа бөлу.*** ***1-топ. Жүк көлігін құрастыру.*** ***2-топ. Поезд құрастыру*** ***3-топ,Ұшақ құрастыру*** ***4-топ.Кеме құрастыру.*** *Сипаттама беру.* *Балаларды мадақтау.* ***Қортынды*** *Сары,қызыл, жасыл шам,* *Жол бойында жанады.* *Жүргізуші ағалар,* *Оңға ,солға қарады.* *Бағыт берген бағдаршам.* *Түзу жолды табады.* *Балаларды мадақтау* ***2.Жапсыру.*** ***Тақырыбы:****Машина.* ***Мақсаты:*** *Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолданады.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер.*** *Арайлап таң атты,* *Алтын сәуле таратты.* *Жарқарайды қаламаз,* *Жайнай түсті даламыз,* *Қайырлы таң достарым* ***1.Ой қозғау.*** *-Балалар сендер таңертең балабақшаға келе жатырғандарыда жолда қандай көлік түрлерін көрдіңдер? Өздерің қандай көлікпен*

	материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырады. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алады. ***Дидактикалық ойын:*** *«Суреттің сыңарын тап»* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:*** ***І. Шаттық шеңбері.*** *"Дос болайық,бәріміз"* *Х.Талғаров.* ***ІІ.Қызығушылық ояту. Жұмбақ жасыру.*** *Күндіз-түні күрсінеді,* *Жүрген жері* *сілкінеді.(поезд)* ***1. Ой дамыту*** *-Поезд туралы түсінік беру* *-Ол не үшін керек?* *-Поезд қандай жол көлігіне жатады?* *-Поездың вагондарын не арқылы жылжиды?* ***2.Сипаттама*** *-Поездың бөліктерін атау, түсіндіру.* *-Қандай пішіндерден тұратынын көрсету.* *Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету.* ***Сергіту сәті:*** ***«Біз тыныгып алайық»*** ***Дид ойын: «Қандай түс»*** ***3. Ұжымдық жұмыс жасау.*** *Қадағалау, көмектесу.* ***4. Дид ойын: «Біздің көрме»*** *Балалардың жұмысын қортындылау, мадақтау*	*таныстық?(Балалар жауабы)* *- И дыбысы қандай дыбыс?* *- Балалар, енді Дымбілместен сұрайық. Дымбілместі ортаға шағырайықшы!* *Қойылған сұрақтарды қайта қоялық.* *- Бүгін қандай дыбыспен таныстық?* *- И дыбысымен.* *- Жарайсың! Дұрыс!* *- Мынау қандай әріп? (А)* *- Дұрыс.* *- Ал мынау қандай әріп? (Ш)* *- Дұрыс.* *- Балалар, қараңдаршы Дымбілмес мүдірмей жауап берді. Дымбілмес, енді осылай біздің ұоқ қатысып тұр, біздің балалар сияқты сен де бәрін үйренесін.* *- Дымбілмеспен қоштасу (Дымбілмес шығып кетеді).* *балаларды жұлдызшамен бағалау.* ***2.Мүсіндеу.*** ***Тақырыбы:*** *Велосипед* ***Мақсаты:*** *Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы велосипед мүсіндеуге үйрету.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:****ермексаз,тақтайша* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Қуан ,шаттан алақай*	*Ер ғарышкер ағалар,Аспан шарлап жүретін* *Білсең айтшы не екенін?* ***(Зымыран)*** ***1.Ғарыш туралы түсінік беру.*** *Сұрақ – жауап* *-Ғарыш деген не?* *-Оған немен барады?* *-Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?* *Сөздік жұмыс.* ***Сергіту сәті:*** *«Біз кішкентай баламыз»* *Біз кішкентай баламыз,* *Өсіп-өніп толамыз.* *Көкке қолды созамыз,* *Құстай қанат қағамыз.* *Қарлығаш боп ұшамыз,* *1-2-3 өсеміз де, толамыз.* ***2.Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету*** *Дид ойын: «Қандай түс»* ***3. Өз беттерінше жұмыс жасау.*** *Қадағалау, көмектесу* ***4. Дид ойын: «Біздің көрме»*** ***Балаларды мадақтау*** ***4.Өнер өрнектері*** ***Тақырыбы:*** *Жүзік ,сырға* *1.Ғажайып сәт* *(Ару қыз бала кіреді)* *2.білезік туралы* *Сергіту сәт* *Он қолымда білезік,* *Сол қолымда білезік.* *Сәнді көйлек киелік,*	*жасау.* ***3.3. Сәрсенбі - сергіту сәті.*** *Ағайынды аралармыз,* *Еңбек үшін жаралғанбыз.* ***-з-з-з-з-з-з*** *Шырын іздеп күні бойы,* *Гүл бақшаны аралаймыз.* ***-з-з-з-з-з-з-з*** ***3.4. Бейсенбі – буындыр әлемі.*** *Зымыран. Зырылдауық,* *Заман, базар, қазан сөздерін суынға бөлу.* *-Сөздерде неше буын бар.* *-Буын қалай бөлінеді?* ***3.5. Жұма күні – Суретпен жұмыс. З дыбысы қай сөздерде кездеседі.*** *-Зада мен Ораз қайда барды?* *-Олар базардан не алды?* *- Қарбыз қандай екен?* ***3.6. Сенбі күні –Тіл ұстарту жаттығуы.*** *За-за-за* *Біздің аула таза* *Зу-зу-зу* *Қызық суда жүзу.* ***7. Жексенбі күні – саяхаттан қайту.*** ***Қорытынды.*** *Саяхат ұнады ма?* *Бір аптада қанша күн бар?* *- Енді 7 күнді ретімен атап шығыңдар.* *- Айдос 7 күннің аты-жөнін, терең түсінді сендерге риза. Дүйсенбі деген шалдың аты емес, күннің аты. Сейсенбі - келдіңдер?* *Балалардың жауаптары* ***Дидактикалық ойын.*** *Кім қандай көлікті қалайды?* ***Тосын сәт.*** *Айсұлтан қуыршақ келеді. Оның көңіл-күйі жоқ сияқты, өзінен сұрап көрейік.* *Қуыршақ:* *-Мен күнде әдемі машинамен серуенге шығатын едім, енді ол бұзылып қалды, маған жаңасы керек болып тұр,-дейді.* *-Балалар,Айсұлтанға көмектесеміз ба?* *машина жасап берейік.* ***Топқа бөлу.*** *1-Топ құм таситын жүк көлік жапсырады.*  *2-топ Ауыр жүк таситын мащинаны жапсырады.*  ***Үлгіге қарап жүк машиналарды жапсыру.*** ***Сергіту сәті.*** *Қолыңды қойда рөлге,* *Моторға қосыл гүілде.* *Дөңгелекке жел толтыр,* *Машинаға тез отыр.* *Басқышты басамыз,* *Алдыға зулаймыз.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Қорытынды.* *Балалардың жұмысын қорытындылау.*

		Қуанатын күн келді *Күліп шықты күн бүгін* *Қайырлы таң!* *Қайырлы күн!* ***Дидактикалық ойын:*** ***«Кім көп біледі?»*** *Мақсаты: Балаларға өздеріне таныс көлік түрлерін атайды* ***Тосын сәт:*** *Робот келеді* *Саламатсыңдарма балалар! Маған конструкторлардан велосипед жасап көмектесесіңдер ме, балалар!* ***Ой дамыту.*** ***АКТтехнологиясы*** *Велосипедпен таныстыру.* ***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.*** *-Саусақпен шымшу,қосу, майыстыру дағдыларын қалыптастыру.* ***Сергіту сәті:*** *Қаламызда көліктің,* *Алуан түрі табылар.* *Ұшақ пенен кемелер,* *Автобус, поезд бәрі бар.* *Велосипед мініп ап,* *Жолды кешіп, шаппаймын.* *Жолда жүру тәртібін,* *Мен осылай сақтаймын!* ***Өз беттерінше жұмыс.*** *Қадағалау, көмек көрсету.* *Робот қуанып қоштасады.* ***Қорытынды.*** *Балалардың жұмыстарын өздеріне бағалату.* *Мадақтау* *Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*	*Бәріміз бірге билейік.* *3.Мадақтау,Көрмеге қою*	*екінші күн, Сәрсенбі – үшінші күн, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі де солай.* *- Сонымен, бүгінгі сабақта қандай дыбыс пен таныстық?* *- З дыбысы қандай дыбыс?* *- З дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?* *Балаларды мадақтау.* ***Мадақтау*** ***2.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3. Өзін-өзі тану.*** ***Тақырыбы: Әдептілік - әдемілік.*** ***Мақсаты:*** *Балалар адамгершілікке, әдептілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***Шаттық шеңбері.*** *«Мынау менің жүрегім.»* *Мынау менің жүрегім,* *Бәрі осыдан басталған.* *Мынау басым ақылды,* *Барлық істі басқарған* *Мынау менің оң қолым,* *Мынау менің сол қолым,* *Барлық істі атқарған* ***1. Ой дамыту*** *Әдептілік жайлы түсінік беру.* *Сұрақ – жауап.* *- Әдептілік дегеніміз не?* *-Әдепті болу үшін не істеу керек?* ***2. Қызығушылықтарын ояту. Ертегі оқу.*** ***«Сыпайы Ханшайым»*** ***2.1. Миға шабуыл.***	*Жасаған жүк машинасын бағалау,мадақтау.* *Қонжыққа сыйлау.* *Қонжық қуанып рахмет айтып қоштасады.* *Сұрақ жауап.* *Сонымен жүк көліктер не үшін керек екен?* *Балаларды мадақтап қорытындылау* ***3.Көркем әдебиет Тақырыбы:*** ***«Поезд»*** *(өлеңі)* ***Мақсаты:*** *Өлеңді мұқият тыңдауға, мазмұнын түсінуге үйренеді.* ***Қимылды ойын:*** *«Поезд»* ***Әдіс –тәсілдер.*** *Әңгімелесу,ойын* ***Ресурстар:****Қуыршақ, АКТ, слайд, үнтаспа* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Салем аспан* *Салем жер* *Сәлем менің достарым!* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Үнтаспадан поезд дыбысын тыңдату.*** ***Ой қозғау.*** *Бұл ненің дыбысы?* ***Тосын сәт.*** *Қуыршақ Айгүл келеді.* *Балалармен амандасады.* *Поезд туралы білгісі келетітін айтады.* ***АКТ технологиясы.*** *«Поезд» туралы суреттер көрсету,түсінік беру.* ***Тақпақ «Поезд»*** ***Ескен Елубаев*** *Вагон-вагон темірді,* *Вагон-вагон көмірді,* *Вагон-вагон бидайды*

		3. Денешынықтыру ***Педагог жоспары бойынша*** **4.*Сандар сөйлейді.*** ***Тақырыбы:*** *Қызықты жаттығулар* *1.Тосын сый* *2.Сурет бойынша жұмыс* *3. «Танграм» ойыны*		*-Сұрақ –жауап.* *Ханшайым не істеді және не деді деп ойлайсыңдар?* ***3. Әңгіме*** *«Бақтиярдың достары»* ***4. Тақпақ оқу. «Татуласу»*** *Әкел, досым қолыңды* *Татуласқан орынды* *Өкпелесіп не таптық* *Көрсет, кәне соныңды* *Баққа бірге кірейік* *Қол ұстасып жүрейік* *Татулықтың белгісі* *Кел, қосылып күлейік.* ***Сұрақ – жауап.*** ***5. Дид ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?»*** *Сұрақ – жауап. 1-жағдай және 2-жағдай* ***Сөздік жұмыс:*** *өтінемін, болама, ғафу етіңіз, беріңізші, көмектесіп жіберіңізші* ***«Не деу керек?» дид ойын арқылы сабақты аяқтау.*** ***Балаларды мадақтау.*** *Не деу керек?* *Апаң сағап базардан,* *Алма сатып әкелді.* *Ең үлкенін тәттісін,* *Саған таңдап әперді.* *Не деп барып, жеу керек?* *«Рақмет» деу керек.* ***4.Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша***	*Тіркеп алып, зулайды!* *Солқылдатқан даланы* *Үні жетер алыстан.* ***Педагог жетекшілігімен ойын.*** *«Поезд»* ***Ойын шарты****. Бірнің артынан бірі тұрып поезд болып жүреді.* ***Қорытынды.*** *Айгүл қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.* *Балаларды мадақтау* ***4.Мейірімділікпен Ә.М*** ***Тақырыбы:*** *Кімде-кім армен жұмыс жасаса,сол адал****.*** ***Білімділік:*** *Балаларды арлы, намысшыл бола білуді үйрету****.*** ***Дамытушылық:*** *Адамгершілік қасиеттерін молайту, сөздік қорын дамыту сөздік қорын дамыту****.*** ***Тәрбиелік:****Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.*
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Қыс мезгілінде күннің салқын, аяз болатынын түсіндіру.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру*				

Серуен:	***Картотека № 8*** ***Адамдардың қысқы еңбегі.*** ***Мақсаты:*** *Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру*	***Картотека № 11*** ***Боранды бақылау.*** ***Мақсаты:*** *Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.*	***Картотека № 19*** ***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*** ***Мақсаты:*** *Қысқа өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.*	***Картотека № 17*** ***Адамдардың қысқы киімін бақылау. Мақсаты:*** *Қысқы киім үлгісімен таныстыру. Атауларын дұрыс айтуға үйрету.*	***Серуен №14*** ***Транспортты бақылау.*** ***Мақсаты:*** *көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру.*
	ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.***				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары	**№20.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут)**	**№4.Майтабанның алдын алу. (2 минут)** Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.	**№12.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу.**	**№10. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Мысықтар**	**№5.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут)**
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму карта-сына сәйкес жеке жұмыс	***Картотека №15*** ***«Жол картасын бейнеле»*** ***Ойынның мақсаты:*** *жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.*	***Картотека № 16*** ***«Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету*	***Картотека № 20*** ***Кеңістікті бағдарлау.*** ***Мақсаты:*** *балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білуді үйрету.*	***Картотека №22*** ***«Дауыстап санау»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету.*	***Картотека № 12*** ***«Өз орныңды тап»*** ***Мақсаты:*** *Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау.*
	МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН				
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека № 8*** ***Адамдардың қысқы еңбегі.*** ***Мақсаты:*** *Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің*	***Картотека № 11*** ***Боранды бақылау.*** ***Мақсаты:*** *Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын*	***Картотека № 19*** ***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*** ***Мақсаты:*** *Қысқа өсімдіктердің өсуінің*	***Картотека № 17*** ***Адамдардың қысқы киімін бақылау. Мақсаты:*** *Қысқы киім үлгісімен таныстыру. Атауларын дұрыс айтуға*	***Серуен №14*** ***Транспортты бақылау.*** ***Мақсаты:*** *көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру.*

	еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру	*құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.*	*тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.*	*үйрету.*	
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу*	*Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

Ұйымдастырылған оқу іс- әрекет түрінің барысы:

Тәрбиеші: Жапырағы жайқалған орманда аңдар өмір сүріпті. Олар: аю, түлкі, тиін (бетперделерін кигіземін). Өздері сондай шыдамсыз, бір орында отыра алмайды екен.

Жан-жағын шашып, саңырауқұлақтарды құлатып, гүлдерді басып, жұлып тастайды екен (балалар көріністі көрсетеді).

Бір күні орманда қызықты оқиға болыпты. Әдептілік еліне ұшып бара жатқан Сыпайылық ханшайымының қолшатыры сынып, орманға қонуға тура келіпті (Ханшайым келеді).

Ханшайым: Менің қолшатырыма не болды, мен қайда тап болдым. Мынау әдепсіздер орманы емес пе? Саңырауқұлақтар жұлынған, гүлдер тапталған. Әдепсіз, тентек аңдар тұратын болды ғой. Осылай жалғаса беретін болса, онда ормандағы бүкіл өсімдік: ағаш, саңырауқұлақ, гүлдер құрып кетеді.

Ханшайым: (ойланады) Сиқырлы таяғыммен сыпайылық елінен достарымды шақырайын (кетеді).

Миға шабуыл. Балалардың көмегі. Не істеді және не деді деп ойлайсыңдар? **.....**

Сұрақ - жауап. Тәрбиеші: Балалар ертеде сыпайылық елінде Бақтияр деген бала болыпты. Оның достары көп екен. Бәрінен қоян мен кірпіні жақсы көреді екен. Бір күні Бақтияр далаға шықса, екеуі ренжісіп отыр екен. (Қоян мен Кірпі отырады).

Бақтияр: Екеуіңе не болған, ренжісіп қалдыңдар ма?

Қоян : Мен кірпімен дос болмаймын. Ол әдепсіз. Мен оған сәлем, достым десем, жауап бермейді.

Кірпі:Сол сөзді жүз рет айтасың, сені кеше ғана көрдім ғой.

Бақтияр: Кірпі, оның не, қоян досым ауырып қалсын дейсің бе?

Кірпі: Жоқ, мен ауырып қалғанын қалаламаймын.

Бақтияр: Сәлеметсіз бе, деген сөз денің сау ма, ауырып қалма деген сөз емес пе?

Қоян:Сен өзің ғой, мені қыли деп мазақтай бересің.

Кірпі: Сен өзің менің атымды атамай, әй, сен деп айқайлайсың.

Бақтияр: Ой, жайларың белгілі болды достар бір-біріңді сыйлап, құрметтеу керек.

Қоян: Кірпі, кешір досым.

Кірпі: Сен де мені кешір. Татуласайық қоян досым, екеуміз балаларға тақпақ айтып берейік.

Тәрбиеші: Біз де егер ренжіскен жағдай болса, «Татуласу» тақпағын айтып достасамыз.

(Балалар екі-екіден бір-біріне қарап, қолдарын шапалақтай отырып айтады)

Татуласу.

Әкел, досым қолыңды *Татуласқан орынды*

Өкпелесіп не таптық
Көрсет, кәне соныңды
Баққа бірге кірейік
Қол ұстасып жүрейік
Татулықтың белгісі
Кел, қосылып

1 – жағдай.

Жердің беті. Қараса 2 бала жасырынбақ ойнап жүрді. Бірі ағаш артына тығылмақ болып жүгіргенде құлап, аяғын жарақаттап алды. Екіншісі оған тұруына көмектесіп, былай деді: Сен жылама, үлкенсің ғой, қазір сенің аяғыңды байлап береміз т.б. жұбату сөздері.

Сұрақ: Мысалы, Арсен дұрыс жасады ма? Сен қалай ойлайсың? Неге? т.б.

Балалар бір-біріне жұбату сөздерін айтады. Мысалы, Дана қолын есікке қыстырып алды, сен қалай жұбатасың, Назерке көйлегін жыртып алды. Қалай жұбатар едің? т.с.с.

2 – жағдай.

Әже ауырып жатыр. Ернар теледидардың даусын қатты шығарып, күліп отыр. Ернардікі дұрыс па?

Неге? т.с.с. сұрақтар қою, жауап алу.

Керекті құрал: Орман декорациясы: ағаштардың бұтағы, саңырауқұлақтар, гүлдер, тақырыпқа байланысты салынған суреттер: доп, қоян, тиін, кірпі, аю, түлкі атрибуттары, аңдардың жұмсақ ойыншықтары.

ЦИКЛОГРАММА
III апта (07.02-.11.02) Ақпан 2022ж
Мектепалды даярлық тобы

Өтпелі тақырып Бізді қоршаған әлем
Тақырыпша. «Электроника әлемі»

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	Музыка-1,0 ***Сөйлеуді дамыту-1,0*** ***Денешынықтыру -1,0*** ***Құрастыру-0,5 (1-3 апта)*** ***Қоршаған орта.таныстыру -0,5 (2-4 апта)*** ***вариативтік компонент «Сандар сөйлейд»***	***Сауат ашу негіздері-1,0*** ***Мүсіндеу-1,0*** ***Денешынықтыру-1.0*** ***вариативтік компонент «Сандар сөйлейді»***	***Математика негіздері-1,0*** ***Орыс тілі-1,0*** ***Сурет салу-1,0*** ***Вариативтік компонет «Өнер өрнектері»-1,0***	***Сауат ашу негіздері-1,0*** ***Өзін –өзі тану-1.0*** ***Музыка -1.0*** ***Денешынықтыру-0,5 (2-4апта)*** ***Қауіпсіз мінез-құлық ережелері-0,5 (1-3 апта)***	***Көркем әдебиет-1,0*** ***Жапсыру-1,0*** ***Жаратылыстану-1,0*** ***Мейірімділік пен Ә.М-10***
Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгімелесу	*Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру.* *Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру.* *Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу. Медбике мен психолог мамандардың кеңесімен таныстыру*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	***Картотека № 8*** ***«Бұл қандай құс?»*** ***Мақсаты:*** *белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.*	***Картотека №10*** ***Жер,су,ауа Мақсаты:*** *балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап б еруге,жерде , ауада, суда не Болатынны дұрыс айтуға үйрету.*	***Картотека № 18*** ***«Жануарларды орналастыр»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету*	***Картотека № 20*** ***«Көп және біреу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.*	***Картотека №-19*** ***«Суретші қай жерде қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.*
	Таным саласы картотекасы. *(картотека қосымша тігілген)*				
Таңертеңгі гимнастика	***Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені . Жаттығу қосымша тіркелген*** ***Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.***				

Таңғы ас	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* *Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*** ***Шаттық шеңбер*** *Бақыт толы шеңберге,* *Шаттық толы шеңберге,* *Қол ұстасып келдік біз,* *Жан достармыз енді біз*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Электроника әлемі* ***Мақсаты:*** *Балалар электроника туралы түсінеді, өз ойын ашық жеткізеді.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***І. Психологиялық ахуал*** ***1.Сәлемдесу*** *- Сәлеметсіңдерме балалар?* *- Көңіл-күйлерің қалай?* ***2.Артикуляциялық жаттығу*** *«тәтті тосап», «түтікше», «жылан».* ***3.Тыныс алу*** *«Сүңгуір» жаттығуы* ***ІІ.Қызығушылықты ояту*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Шаңсорғыш – пылесос;* *Холодильник – тоңазытқыш.* ***Шыр –шыр етеді,*** ***Құлағыңнан өтеді.*** ***Ұстай алсаң,*** ***Сөйлеп кетеді. Бұл не?*** *Бұл жұмбақтың шешуі*	***1.Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы:*** *Ө ө дыбысы мен әрпі* ***Мақсаты:*** *Ө дыбысы және әрпімен таныса отырып, сөз және сөйлем құрастырады.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***І. Психологиялық ахуалды қалыптастыру*** ***Шаттық шеңбер:*** *-Балалар бір-біріміздің қолымыздан ұстап алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! Оқушылар бір-біріне жылы тілектерін білдіреді.* ***ІІ.Миға шабуыл*** *Үйін тордан салады* *Жемін аулап алады.* ***Ол не? (өрмекші)*** *- Өрмекші не? - Ол жәндік.* *- Дұрыс.* *- Өрмекші сөзін бәріміз қайталайық.* *- Қай дыбыстан басталып тұр. - Ө дыбысынан.* *- Онда бәріміз ө дыбысын*	***1. Математика негіздері.*** ***Тақырыбы:*** *Заттарды салыстыру. 1- ден 10-ға дейінгі сандар. Шамаларды салыстыру.* ***Мақсаты:*** *заттарды әртүрлі белгілері, оның ішінде биіктігі,қалыңдығы, ұзындығы бойынша салыстырады.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***І.Шаттық шеңбер*** ***«Кел,балалар күлейік»*** ***Ө.Тұрманжанов.*** *Кел,балалар күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек.* *Көңілді болып жүрейік!* *ІІ.Қызығушылықты АҚТ технологиясымен жұмыс.* ***«Орманға серуен»*** *-Аңдар ағаштың артына жасырынып қалыпты. Оларды табу үшін мен қандай аң жасырынғанын және ол жасырынған ағашты*	***1.Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы: Ү ү дыбысы мен әрпі*** ***Мақсаты:*** *Балалар Ү дыбысымен танысады, аталған дыбысқа сөз ойлау арқылы сөздік қорлары дамиды.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***І.Шаттық шеңбер*** *Шеңбер болып тұрайық,* *Күннің нұрын алайық.* *Жиналған жылы шуақты* *Достарымызға шашайық* ***2.Тосын сәт*** *АҚТ технологиясымен жұмыс. Теледидардан бауырсақ шығу.* ***3.Таңғалу.*** *Балалар мені құтқаруға көмек керек.* *Ормандағы аңдар мені атам мен әжеме жібермей тұр.* *Маған бәрі тапсырма берді.* *Сұрақ-жауап* *Бауырсаққа көмектесеміз*	***1..Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Электротехникалық тұрмыстық заттар* ***Мақсаты:*** *Электр құралдарымен танысады, ол заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтастырады.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *тұрмыстық техника ойыншықтары, суреттер, слайд.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Ұйымдастыру.*** *- Сұрақ қою.* *-Қазір жылдың қай мезгілі?* *-Қыс айларын атайық?* *-Қыста адамдар қалай киінеді?* ***Тосын сәт*** *Дүкеннен сыйлық жіберіпті.* *Қараңдаршы балалар, бұл қандай сыйлық деп ойлайсыңдар?* ***Слайд*** *Электортехникалық*

	мына қораптың ішінде. (жауап) *Қораптан телефонды алу. Балалар бұрыңғы телефонды көріп таң қалады. Балараға бұрыңғы телефонды, қазіргі заманауи телефондармен салыстыру. телефонның бірнеше түрлерін көрсете отырып,телефон арқылы біреуден ақпарат алуға болатындығын және ақпарат сөзінің мағынасын түсіндіреді.* ***II. Ой дамыту*** ***Әңгімелесу*** *- Ақпарат – дегеніміз не?* *- Ақпарат, яғни информация: түссіндіру, баяндау, хабар ету дегенді білдіреді. Адамдар бір-бірімен телефон арқылы сөйлесу, теледидар көру, газет-журнал оқу, я болмаса компьютерді қолдану арқылы ақпарат алады.* *- Жаңалықты қайдан естиміз?* *- Ендеше балалар осы теледидар,радио,телефон дегеніміз ол электр құрылғылары.Бүгін біз осылармен таныс боламыз* *-Қалай ойлайсындар ,тағыда нелер арқылы ақпарат алуға болады?* *Адамдар кітап,газет –*	*айтып көрейік. Ө-ө-ө* *- Қалай айтылып тұр.Созылып па,әлде тез айтылып тұр ма?* *- Созылып айтылып тұр.* *- Олай болса Ө дыбысы дауысты дыбыс екен.* *- Дауысты дыбыс қандай түспен беріледі.* *- Қызыл түспен беріледі.* *- Өрмекші сөзі неше дыбыстан тұрады?* *- 7 дыбыстан тұрады 3-дауысты,4-дауыссыз дыбыс.* *- Өрмекші сөзін буынға бөлеміз? Өр-мек-ші* *-Неше буын бар?* *- Ө дыбысы қай буында естіліп тұр? 1-ші буында.* ***-Ө** әрпінің элементтерімен таныстыру.* *-Ауада жазу.* *-Тақтада жазу* *-Ө дыбысының О дыбысына ұқсайтынын айту.* ***3. Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс.*** *- Сүретте не бейнеленген?* *-Өзен.* *Сайдың түбінен ағып шық қан бұлақ сулары жиналып **өзен** құрайды. Өзен суы тұщы болғандықтан елді мекендер (қала,ауыл) өзен жағасына жақын орналастырылады. Адам баласы өзенді ерте*	*сипаттаймын.* ***Ой қозғау.*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топқа тапсырма.*** *Ағашты сипаттау* *-Ол-ең жуан ағаш, биіктігі орташа* *Қандай ағаш?* *Оның артында қоян жасырынып отыр.* *Балалар ол ағашты тауып көрсетеді. Егер балалар дұрыс атаған болса, қоян сол ағаштың артында отырады.* ***2-топқа тапсырма.*** *-Бұл ағаш ең жіңішке және ең биік ағаш, оның артында тиін жасырынып отыр, т.с.с.* *-Бұл жерде қай ағаш ең биік екенін қалай анықтауға болады? Қай ағаш ең аласа екенін ше? Мүмкін біздің көз мөлшеріміз дұрыс емес шығар? Қалай тексереміз? Қандай шартты өлшем алсақ болады? Тәрбиеші жолақша-таяқшаны көрсетеді. Балалармен бірге осындай таяқшаларды әр ағаштың астына тиісті цифр жазылған карточканы қояды. Содан соң ең үлкен цифрды табады. Бұл ағаш ең биігі болып саналады.* *-енді ең кіші ағашты табыңдар (осыған ұқсас*	*бе?* ***Миға шабуыл*** ***1-тапсырма: Қояннан*** *«Сөз ойла, тез ойла» ойыны бойынша өткен тақырыпқа шолу жаса* *Әріп деген не? (Дыбыстың таңбасы)* *Дыбыс деген не, әріп деген не? (дыбысты естиміз, айтамыз. Әріпті көреміз, жазамыз)* *Дыбыстар нешеге бөлінеді? (екіге; дауысты, дауыссыз)* *«А» - алма – яблоко* *«Н» - нан – хлеб* *«С» - су – вода* *«М» - мысық – кошка* *«Д» - доп – мяч* *«К» - күн – солнце* ***2-тапсырма. Аюдан Жұмбақтың шешуін тап.*** *Жарықта соқырмын* *Ұша алмай отырмын. (үкі)* *Ү сөздің қай жерінде тұр?* *Үкі сөзін буынға бөлу.* *Ү — кі. (екі буын)* *-Баласын ертіп соңынан,* *Сүңгіп, жүзіп, үйретті.* *Су жұқпайтын тонына,* *Кім* *білмейді.....?(үйректі)* *Слайд* *Үйрек суретін көрсету. үйрек үй құсы. Балалар, үкі, үйрек деген сөздің*	*заттар.* ***Дидактикалық ойын:** «Не зат,не үшін керек?» деп аталады.* *Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрып бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды екінші бала қажеттілігін айтады. Мысалы: үтік – киімдерді үтіктеу, тоңазытқыш – азық-түлікті сақтау.* ***Сергіту сәті:*** *«Шаңсорғыш ойыны».* ***Қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді.*** *-Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды;* *-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;* *-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.* *-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды.* *-Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат»* ***Қорытынды.*** *«Менің үйімдегі заттар» ойыны арқылы аяқтау.*

	журналдардан өздеріне керекті кез келген ақпаратты алады екен.Телехабарлардан қандай ақпарат алуға болады. *- Ал, біз көріп отырған электроникалар немен жұмыс жасайды?* *- Дұрыс айтасыңдар. Тоқ болмаса электро құралдар жұмыс жасамайды.* ***П/Ж ойын. «Орнын тап»*** ***Мақсаты:*** *балалар қандайда бір элетро техника бейнеленген суреттерге керек заттарды табады.* ***Сергіту сәті: Бір оңға, бір солға. Әуен арқылы.*** ***Өнер орталығы*** ***Балаларды 2-топқп бөлу.*** *1-топ* *Құрлымдалған ойын:* *«Суретті құрастыр»* ***2-топ Құрлымдалған ойын:*** *«Боямақтар»* *Компьютер және теледидарды бояу* ***Аспаздық орталық*** *аспаздар туралы не білесіңдер?* *Аспаз орталығында көптеген тағамдар элетроникалық құралдармен піседі.* *Атауларын атап суреттен көрсету.* *Газ пеш. Микротолқынды*	*заманнан бері өз қажетіне пайдаланып келеді. Өзеннен ауыз су алады,мал суарады, балық аулайды.. Біз өзендерді қорғап,таза ұстауымыз керек.* ***П/Ж ойын: «Тізбек»*** *бағандағы сөздерді буындап оқыту. Оқылған сөздердің мағынасын түсіндіру.* *- Педагог оқиды, балалар қайталайды.* ***Ө-зен, Ө-ріс, Бө-рік, Көр-пе, Ө-рік*** ***Өріс*** *-мал жайылатын жер.* ***Бөрік****- бас киім.* ***Көрпе****-жамылатын төсек.* ***Өрік****- жеміс.* ***Сергіту сәті:*** *Орнымыздан тұрайық,* *Қолымызды жаяйық.* *Құсша қанат қағайық,* *Жоғары-төмен қарайық* *Орнымызды табайық.* ***VIII.Сабақты бекіту, бағалау.*** ***П/Ж Ойын «Кім тапқыр?»*** *- Ө әріпі арқылы берілген тапсырманы табамыз.* *- Қаланың аты -* ***Өскемен*** *- Ұл баланың аты-****Өскен, Өмірхан, Өмірбай*** *Автобустың жүретін жолы –* ***Көше*** *- Жәндік-* ***Өрмекші*** *- Жемістің аты -****Өрік***	*жұмыс жүргізіледі)* *-біз орманға серуендедік. Жасырынған аңдарды таптық.* ***1-топқа тапсырма*** *ең биік, ең аласа, биіктігі бірдей мұналарды табамыз.* ***2-топқп тапсырма*** *қарындаштарды жуандықтары бойынша «қоямыз»* *- Енді тақтадағы түрлі түсті жазық фигураларды-үшбұрыш, сопақша, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыштарды санаймыз.* ***Миға шабуыл.*** *Әр фигураны жылжыта отырып, балаларға 1-ден 10-ға дейін санау* *-барлығы қанша болды?* *-кім кері қарай санайды?* *-фигураның пішіні, түсі қандай?* *-қандай топтарға бөлуге болады?* *-қызыл түстер тобыда неше фигура?* *-Көк түстер тобында ше? Қайсысы артық?* *-Оны қалай білеміз? (оларды бір-бірінің үстіне қою керек?)* *Қосымша тапсырма орындалады. Неше фигура болса, сонша таяқша, осындай түстегі қанша*	*басында қандай дыбысты естіп тұрмыз?* ***Бүгінгі ұоқ тақырыбы: Үү дыбысы мен әрпі*** *Үү деп дыбыстату. Хормен айту.* *— Қалай дыбысталады?* *— Қандай дыбысқа жатқызамыз?* *— Үү дыбысын айтқанда ерін, тіл алға созылады. Тілдің ұшы астыңғы тіске тиеді, иек көтеріледі.* *— Дауысты дыбыс.* *Үү дыбысының әрпін баспа, жазбаша түрде таныстыру.* ***3-тапсырма. Қасқырдан Жаңылтпашты жатқа айт.*** *Үш аша,* *Үшкір ме ұшы аса?* ***Тіл ұстарту жаттығуы*** ***-Үш-үш-үш*** *Біз жинаймыз күш* ***-Үс-үс- үс*** *Болып қалды түс* ***4-тапсырма Түлкіден Түлкі, Түтік, Үрме*** *Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасап, текшемен жазу.Орындаған тапсырмаларды шетінен бауырсаққа көрсетіп отыру.* *Бауырсақ рақмет балалар. Мен енді атам мен әжеме*	*Ойын шарты сыйқырлы таяқшаны алған бала балаға үйіндегі тұрмысқа қажетті тұрмыстық заттарды,оның қызметң мен қажеттілігі туралы айту керек.* ***2.Жапсыру.*** ***Тақырыбы: Компьютер.*** ***Мақсаты:*** *Балалар компьютер туралы түсіне отырып, қағаз бетіне бейнені дұрыс жапсырады.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***I. Шаттық шеңбер*** *Шақырамын сендерді* *Жолдастарым кел бері* *Толтырайық шаттыққа,* *Дөнгеленген шеңберді* ***II. Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс*** *-Компьютер не үшін керек?* *-Пішіні қандай?* *-Компьтермен кімдер жұмыс жасайды?* ***III.Тосын сәт*** *Есік қағылып Дымбілмес келеді.* *Балалар, балалар маған анам компьютер алып берем деді.* *Компьютер деген не?* *Сендер бәрін білесіңдер, маған көмектесіңдерші.* *Дымбілмеске көмек.* *Жарайсыңдар,балалар*

	пеш, ыдыс жуғыш машина *-Балалар сендер шырын жақсы көресіңдер ма? Ендеше өздеріміз электро құрал арқылы шырын тағайындайық.* *(балалардың алдында алдын ала ашылып, ортасы тазартылған жарты алмадан тұраді. Пышақ ұшы жоқ набордан)* *- Шырынымыз дайын барлығымыз дәмін көріп, дүкендегі шырыннан айырмашылығын айтайық.* ***Еркін ойын: «Шаңсорғыш ойыны». Шарты:*** *Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады.* *Сұрақ- жауап* *Қортынды* *Балаларды мадақтау.* ***2.Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4.Қоршаған орта*** ***Тақырыбы:*** *«Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі»*	*-Балалар, бүгін біз қандай дыбыспен таныстық?* *- Өө дыбысымен.* *- Ө ө қандай дыбыс?* *- Өө дыбысы дауысты* ***2.Мүсіндеу*** ***Тақырыбы : Үлкен кіші тоңазышқыш*** ***Мақсаты:*** *Тоңазытқыш түрлерімен танысады, үлкен-кіші ұғымын үйрене отырып, қима суреттерден тоңазытқыштар құрастырады.* *ҰОҚ өтілу барысы* ***І. Шаттық шеңбері:*** *Кел балалар күлейік* *Күлкіменен түлейік* *Қабақ түйген не керек?* *Көңілді боп жүрейік!* ***ІІ.Қызығушылықты ояту.*** *Топқа қуыршақ Айгүл келеді.* *Қолында үлкен ыдыста және кішкентай ыдыста сүті бар.* *Балалар біздің үй жылу бергендіктен ыстық.* *Мен мына сүттерді дүкеннен сатып алдым. Енді бұл сүтті қайда қойсам болады?* *ІІІ. Ой қозғау.* *-Біз тағамдар бұзылып кетпес үшін қайда сақтаймыз?* *-Мына үлкен ыдыстағы сүт*	*фигура болса, сонша таяқша қойып, содан соң санын салыстыр.* ***Оқу іс әрекетін қорытындылау.*** *Сұрақ-жауап* *Заттарды қалай салыстыру керек? Салыстыру үшін, шартты өлшеуіш алу керек.* *Балаларды мадақтау.* ***2.СУРЕТ*** ***Тақырыбы: «Теледидар»*** ***Мақсаты:*** *Шаршы пішінді заттардың суретін салады. Шығармашылық қабілеттері, ой-қиялы дамиды.* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***І. Шаттық шеңбері.*** *"Бала,бала,баламыз"* *Е.Өтетілеуұлы.* *Бала,бала,баламыз,* *Бақшамызға барамыз.* *Күні бойы қызыққа* *Батамызда қаламыз!* ***ІІ. Қызығушылықтырын ояту.*** ***Жұмбақ жасыру*** *Ән салады чемодан* *Ішінде тұр көп адам,* *Естімейді сөзіңді,* *Сөйлемейді* *сөзіңді.(теледидар)* ***Ой дамыту*** *-Теледидар не үшін керек?* *-Теледидардан не көреміз?* *-Көрген ертегі,*	*бартын болдым. Сау болыңдар балалар.* *Қортынды.* *Сұрақ-жауап* *-Қандай әріппен таныстық?* *-дауысты ма дауыссыз ба?* *Балаларды мадақтау.* ***2.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3.Өзін өзі тану.*** ***Тақырыбы:*** *Мен ұқыпты баламын.* ***Мақсаты:****Ұқыптылық ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашады.* ***ҰОҚ өтілу барысы.*** ***І.Шаттық шеңбер.*** ***А.Меңжанованың «Болайықшы осындай»*** ***ІІ. Ой дамыту.*** *Әңгімелесу.* *балаларға ұқыптылыққа байланысты өздері түскен суреттерді көрсетіп, мазмұны бойынша әңгімелесеу.* ***ІІІ.Ой дамыту*** ***«Ұқыпты қыз» әңгімесін оқып беру.*** *Анар деген кішкентай қыз өте ұқыпты болыпты.Ол даладан ойнап үйге кірген*	*бүгінгі оқу қызметіміз электроника әлеміне байланысты болғандықтан, компьютер жапсырып Дымбілмеске көрсетейік. Электроника әлемі құралдары-на: теледидиар, компьютер, телефон, үтік, шаңсорғыш, мұздатқыш жатады.* ***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін ккрсету, түсіндіру.*** ***Қауіпсіздік ережелері:*** *-Қайшынының ұш жағын адамға қаратпай ұстау.* *-Желімді ауызға салмау.* *-Жұмыстан соң желімнің қақпағын жауып қою.* *-Жұмыстан соң қолды міндетті түрде жуу.* *Балалардың өз бетінше жұмысы* ***П/Ж ойын: «Біздің көрме»*** *Балалардың жұмысына баға беру* *Дымбілмеске жұмыстарын беру.* *Рақмет балалар, мен бұны достарыма көрсетемін.* *Сау болыңдар* *Қортынды* *Балаларды мадақтау.* ***3.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *«Тұрмыстық*

	Мақсаты: *Бізге қажет заттар Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы түсінеді.* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***І.Шаттық шеңбері.*** ***«Кел,балалар күлейік»*** ***Ө.Тұрманжанов.*** *Кел,балалар күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек.* *Көңілді болып жүрейік!* ***ІІ.Қызығушылықты ояту.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *1.Шаң-тозаңды сүймейді,* *Тазалап оны жүр дейді.* ***(шаңсорғыш)*** *2.Бүкіл әлем ішіне сияр* *Аты оның* ***...(теледидар)*** *3.Біздің үйде бір зат бар* *Сақтайды онда тамақты.* *Болсын мейлі күз бен жаз* *Іші оның қатты аяз.* ***(холодильник)*** ***Сұрақ – жауап.*** ***1.. Ой дамыту, түсінік беру.*** *Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды;* *-Балаларға үлкендерсіз электр тоқтарын ұстауға болмайды;* *-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.* *-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға	*кішкентай тоңазытқышқа сия ма?* *-Неліктен симайды?* *-Тоңазытқыштың пішіні қандай?* ***Қуыршақ Айгүлге көмек*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ.*** *Үлкен тоңазытқыш құрастыру* ***2-топ.*** *Кішкентай тоңазытқыш құрастыру.* *Айгүлге тоңазытқышты сыйлау* *Балаларға рақмет айтып, қуыршақ Айгүл қоштасады.* *Қортынды* *Сұрақ –жауап* *Балаларды мадақтау* ***3. Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4.Сандар сөйлейді.*** ***Тақырыбы:*** *Екі таңбалы сандарды, оқу, жазу және салыстыру* *1.Шаттық шеңбер* *2.Логкалық есептер* *3.Д/ойын «Жоғалған санды тап»*	*мултфильмдерің қандай?* *-Теледидардың пішіні қандай?* ***Ой қозғау.*** *Жұмысқа қатысты материалдардың не үшін керек екенін сұрау* *Материалдарды атау, көрсету.* *Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру.* *Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.* ***Өз беттерінше жұмыс.*** *Қадағалау, көмек көрсету.* ***«Біздің көрме» дид ойын арқылы балалардың жұмысын қортындылау.*** *Балаларды мадақтау.* ***3.Орыс тілі*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4.Өнер өрнектері*** ***Тақырыбы:****Белдіктер* *1.Шаттық шеңбер* *2.сурет бойынша әңгімелеу* *3.Көрмеге қою*	*бетте,қолын сабынмен жуып,киімдерін ауыстырады екен.Бірде анасы үйді ретке келтірейін деп Анардың бөлмесіне кірсе,ол киімдерін бүктеп,кітаптарын ретке келтіріп,сөрелерге өзі әдемілеп жинап қойыпты.Ойыншықтарды да өз орнында.Анасы қызының есейгенін байқап,ұқыптылығына риза болдады.* ***Сұрақ қою.*** *-Анарды қандай қыз деп айтуымызға болады?* *-Анасы Анарға неліктен риза болды?* ***Ойын. «Жақсы мен жаман»*** *Допты алған бала жақсы немесе жаман әдеттерді айту керек. Мысалы: • Жаман - ойыншықты жинамау. • Жақсы - ойыншықты жинау* *Қортынды* *Сұрақ- жауап.* *Балаларды мадақтау* ***4.Қауіпсіз мінез – құлық*** ***Тақырыбы:*** *Қоғамдық орындардағы қауіпсіз дік ережелер.* ***Мақсаты:*** *Қоғамдық орындардағы кейбір*	*техника, оның қажеттілігі»* ***Мақсаты:*** *Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы түсінеді. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдері дамиды.* ***ҰОҚ өтілу барысы.*** ***Шаттық шеңбер*** *Күн шуағын жинаймын.* *Достарыма сыйлаймын.* *Күн жылуын аямасын,* *Шуағымен аяласын.* *Достық деген бәйтеректі* *Барлық бала саяласын.* ***Қызығушылықты ояту.*** ***Балаларды ортаға шақырады.*** *Балалар қазір мына әуен аяқталғанша әрбір үйге қажетті деген заттарды алып келіңдер.- Балалар сендердің үйлеріңде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық бұйымдар бар ма?* ***ІІІ.Ой дамыту.*** ***АҚТ технологиясымен жұмыс.*** ***П/Ж ойын:*** ***«Ас үйдің заттарын ата»*** *Бұл заттардың бәрі үй тұрмысына қажетті заттар. Бұлар үй жиһаздары және тұрмыстық техникалық қажетті заттар.*

